



## ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

### 2018 ж. Қыркүйек айы

Өткен айдаң негізгі үрдістері (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (6,1%)
- Өнеркәсіпте және саудада белсенді өсу
- Құрылыс индустриясының динамикасы қалпына келуі
- Инвестициялық белсенділік жоғары деңгейде қалып отыр
- Еңбек нарығында тұрақты үрдіс қалуда

### I. ИНФЛЯЦИЯ

2018 жылдың қыркүйек айында айлық инфляция 0,4% құрады.

**Азық-түлік тауарларының** бағасы алдыңғы аймен салыстырғанда өзгеріске ұшырамады. Жеміс пен көкөніс бағасының маусымдық төмендеуі қант, жұмыртқамен ет бағасының көтерілуімен өтелді. Сонымен бірге, қант бағасының өсуі отандық ұсыныстың төмендеуімен орын алды, ал жұмыртқа мен тауық етінің бағасының өсуі жем бағасының өсуіне байланысты өзіндік құнның ұлғаюымен түсіндіріледі.

**Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың** бағасы 0,8% -ға өсті. 2018 жылғы қыркүйек айында қатты отын, дизель, автокөліктермен олардың қосалқы өнімдері қымбаттады. Қатты отынның бағасының өсуі жылыту маусымының қарсаңында сұраныстың артуына байланысты болды. Қыркүйек айында бензин бағасының төмендеуі байқалды, алайда Ресеймен Қазақстан арасындағы қазақстандық бензинді ТМД елдеріне экспорттауға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қою алдағы уақытта бағаның өсуіне алып келуі мүмкін.

**Ақылы қызметтер** 0,4%-ға өсті, негізгі үлес білім беру және тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің (атап айтқанда, қоқысты жинау бойынша қызметтер) құнының арту себебінен болды. Қоқыс жинау қызметінің бағасының өсуі Алматы қаласында жаңа қалдықтарды сұрыптау зауытын енгізу себебінен бұл қызметтің құнының 62% -ға артуымен түсіндіріледі.


**Жылдық инфляция** 2018 жылғы қыркүйекте 6,1% құрады. Жылдық инфляцияның өсуіне негізгі себеп қант пен жұмыртқа бағасының жоғарлауы болды.

Қыркүйектегі сауалнамаға сәйкес **халықтың инфляциялық күтулері** айтарлықтай өсті, бұл номиналдық теңге бағамының әлсіреуінің салдарынан болды. Алдағы жылға күтілетін инфляцияның мөлшері 6,4% -ға дейін өсті (тамызда - 5,9%).

Көптеген кәсіпорындар (72,8%) 2018 жылдың екінші тоқсанында тұтыну бағаларының ағымдағы деңгейде өсетінін күтеді, ал 10,8% респонденттер ағымдағы бағасымен салыстырғанда бағаның баяу өсуін күтуде. Бағалардың жылдам өсу қарқынын күтетін кәсіпорындардың үлесі азайып келеді.


Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес 2018 жылы жылдық инфляция 5-7% мақсатты дәлізде қалады.

1-график. Тұтынушылық бағалары индексі, ж/ж




ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



## II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК есеп деректері бойынша **туынды ІЖӨ көлемі** 2018 жылғы бірінші жарты жылдық бойынша нақты көрсеткіші 4,2%-ға ұлғайып 24,9 трлн. теңгені құрады.


2018 жылдың бірінші жарты жылдық бойынша ІЖӨ-нің өсуі экономиканың барлық секторларында оң динамикамен қамтамасыз етілді. ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (5,6%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (5,0%-ға), көтерме және бөлшек сауда (5,9%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,9%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (1,9%-ға) көлемінің ұлғаюы болды.

**ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісі бойынша** 2018 жылғы бірінші жарты жылдық бойынша **4,2%-ға** өсті.

ЖІӨ-нің өсуіне негізгі үлес таза экспорт пен жалпы капиталдың қалыптасуы есебінен болды, бұл әлемдік тауар нарықтарындағы баға жағдайының жақсаруына және негізгі капиталдың жинақталуына байланысты.


Үй шаруашылық шығыстарының өсуі тұтынушылық несиелердің өсуіне, сондай-ақ инфляциялық процестердің баяулауына байланысты болды.

3-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҰБ деректері бойынша

4-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҰБ деректері бойынша

## III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2018 жылдың қаңтар-қыркүйегінде екі ай бойы төмендеген қысқа мерзімді экономикалық индикатор\* 104,8% құрады.

Әлемдік мұнай бағасының оң серпіні аясында болған өнеркәсіп секторындағы өндіріс көлемінің артуы, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы пен МӨЗ жаңғырту есебінен құрылыс секторындағы көлемдердің артуы және өнеркәсіптік өсудің нәтижесіндегі сауда көлемінің артуы көрсеткіштің шапшаңдауына себеп болды.

Ауыл шаруашылығында өсімдік шаруашылығы өндірісінің төмендеуі және көлік пен байланыс қызметтерінің баяулауы саланың одан әрі өсуге кедергі келтіретін факторлардың бірі болды.

Инвестициялық белсенділік жоғары деңгейде қалуда. Сонымен қатар, нақты жалақының өсуі және инфляциялық үдерістердің баяулауы салдарынан халықтың нақты ақшалай табыстарының өсуі байқалады.

5-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




—●— жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

\* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



**6-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен**



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Аймақтық деңгейі бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатордың (ҚЭИ) максималды мәні әлі де Атырау облысында байқалады.

Мұнай мен мұнай өнімдеріне жоғары әлемдік бағалардың аясында аймақтағы көрсеткіштің өсуі шикі мұнайды өндіру көлемінің және оның көтерме сауданың өсуімен байланысты.

Бұдан басқа, облыстың басқа секторларында оң өсу қарқыны байқалды: көлік, ауыл шаруашылығы және құрылыс. 2018 жылдың шілдесінен бастап байланыс қызметтерінің көлемінің төмендеуі аймақтың дамуына кері әсерін тигізді.

ҚЭИ-ң төмендеуі **Астана қаласында, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында** тіркелді. Астанадағы ҚЭИ-ң төмендеуі сауда, құрылыс және ауыл шаруашылығындағы төмендеуімен түсіндіріледі.

**Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында** ҚЭИ-ң төмендеуі негізінен өндірістің, атап айтқанда, газ конденсатын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты.

## IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында **өнеркәсіп өндірісінің** көлемі 4,8% -ға артты. Республиканың 14 өңірінде өсім байқалды.

**Тау-кен өнеркәсібіндегі өсім** 4,9%-ды құрды. Тау-кен өнеркәсібінің өсуіне оң үлесін Қашаған мен Теңіз кен орындарында шикі мұнайды (5,3%-ға) және табиғи газды (5,7%), сондай-ақ металл кендерін (3,7%) және темір рудасын (7,5%), түсті металдарды (2,9%) өндіру оң үлесін тигізді.

**Өңдеу өнеркәсібінде** оң үрдіс байқалды, саланың өсуі 5,1% құрды. Өсуіне металлургия өнеркәсібі (өсім 4,2%-ға), азық-түлік өндірісі (3,3%), машина жасау (14,5%) және кокс және мұнай өнімдерін (7,2%) өндіруі әсерін тигізді. Тежегіш әсерін өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру (-2,5%) көрсетеді.

**Көліктің барлық түрлері бойынша жүк айналымы** оң динамикасы сақталды, 2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында өсім 8,9% құрды. Өнеркәсіптің өсуіне оң әсерін теміржол, автомобиль және мұнай құбырлары (мұнай және газ) көліктерінің қызметтері қамтамасыз етті.


**Құрылыс саласы** шілденің және тамыздың төмендеуінен кейін күрт өсті, 2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында өсім 4,4% құрды. Құрылыс жұмыстарының ең үлкен көлемі елдің көліктік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту (автомобиль жолдарын, жолдарды, теміржолдарды, көпірлер мен тоннельдерді салу) бойынша жүргізілді. Бұдан басқа, өндірістік объектілер мен инженерлік құрылыстарды салу және жөндеу бойынша жұмыстардың айтарлықтай көлемі жүргізілді. Шымкент қаласындағы құрылыс жұмыстарының көлемінің максималды ұлғаюы байқалды (өсім 93,1%-ға), бұл өсім Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту және қайта құрудың аяқталуымен байланысты. Төмендеу Астана, Қызылорда және Ақмола облыстарында байқалды.

**Ауыл шаруашылығыда** біртіндеп бәсеңдеуі байқалады, қаңтар-қыркүйек айларында 2,0%-ға артты. Өнеркәсіптегі баяулауы өсімдік шаруашылығының баяулауына байланысты. Өнеркәсіптің өсуіне мал шаруашылығы оң үлесін қосты, бұл малдың және құстың тірі салмақта сойылу және де сиыр сүті мен тауық жұмыртқасының көлемінің ұлғаюуына байланысты.

Нақты ақшалай табыстың өсуіне және тұтынушылық сұраныстың артуына байланысты **тауарлар мен қызметтердің көлемінің** артуы 6,7%-ға өсті. Осылайша, бөлшек тауар айналымының өсуі 7%-ға, көтерме сауда айналымы 6,4%-ға өсті.

**Байланыс саласы** 2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 3,9%-ға бәсеңдетуді жалғастырды. Интернет, сондай-ақ ұялы байланыс қызметтері байланыс қызметтерінің ең танымал түрлері болып қала береді.

**1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж**



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



## V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Экономикалық субъектілердің инвестициялық белсенділігі жоғары деңгейде қалып отыр. Осылайша, 2018 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға салынған инвестициялар 21,6% -ға артты.

Инвестициялардың жалпы құрылымындағы маңызды үлесі мұнай-газ секторын дамытуға (42,3%), сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен операцияларға (13,3%) және көлік пен қоймаға (13,0%) бағытталған.


Өңірлік тұрғыда инвестициялардың 35% -дан астамы Атырау облысына тиесілі, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалар үшін (Астана - 9,2%, Алматы - 6,5%, Шымкент - 5,5%) бағытталған. Инвестициялардың ең аз мөлшері Солтүстік Қазақстан (1,8%), Түркістан (2,2%) және Қызылорда (2,1%) облыстарында сақталады. Түркістан аймағындағы инвестициялардың азаюы Азия газ құбырының құрылысын және Шардара ГЭС-ін жаңғырту жұмыстарының аяқтау есебінен болған.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың 48,8%-дан астамы шикізаттық емес секторға бағытталды (бюджеттік инвестицияларды қоспағанда).

Инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 70,6%, ал сыртқы инвестициялардікі 29,4% құрады.


Инвестицияның негізгі көздері кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып қала береді.

7-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰАМ СК деректері бойынша

8-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар




ҰАМ СК деректері бойынша

Мәлімет үшін:

2018 жылдың 2-тоқсанында Ұлттық Банк жүргізген экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың сауалнамасына сәйкес, ағымдағы және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлардың арасында респонденттер қаржы ресурстарының жетіспеушілігін, өнімдерге сұраныстың жеткіліксіз болуын, басқа кәсіпорындардың нарықтық бәсекелестігін, Қазақстан экономикасының пайдасы мен пайдасыздығын атап өтті (9-график).

жауаптар %-бен

9-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша



### VI. Сыртқы сауда айналымы

2018 жылдың қаңтар-тамыз бойынша сыртқы сауда айналымы 21,6%-ға (экспорт 28,2%-ға, импорт 10,8%-ға өсті) ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп 70% -дан астам үлесі минералды өнімдерге тиесілі, олардың экспорты 42,2%-ға өсті. Экспорттың өсуі әлемдік тауар нарықтарындағы шикізат бағасының көтерілуіне, сондай-ақ Қашаған мен ТШО-да шикі мұнайды өндірудің өсуіне байланысты болды. Жануарлар мен өсімдік өнімдерін экспорттау саласында айтарлықтай өсуі 30,1%-ға байқалды.

ЕО елдері (үлесі 53,2%), Қытай (үлесі 9,6%), ТМД елдері (үлесі 15,4%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 10,0%.


2018 жылы қаңтар-тамыз айлары импорты бойынша өсім барлық тауар топтары бойынша байқалды. Ішкі тұтыну өсуінің аясында импорттың өсуіне ең үлкен үлесін машина, жабдық, құралдар мен құрылғылар (өсу 20,4%), металдар мен олардан жасалған бұйымдар (өсу 10,9%), жануарлар мен өсімдік тектес өнімдер (өсу 7,5%), сондай-ақ химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 7,7%) құрады.

Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 45,4%), ЕО елдеріне (үлесі 21,2%) және Қытайға (үлесі 16,8%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

### VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2018 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Арменияда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2018 жылғы 2-тоқсанда 1-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Армения, Әзірбайжан, Беларусь және Қырғызстан). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Қазақстанда, Ресейде, Тәжікстанда және Молдовада тіркелді. 2018 жылғы 2-тоқсанында Арменияның жоғары экономикалық өсуі қызметтердің, өнеркәсіптің және сауданың өсуімен байланысты, ал Тәжікстанда - саудада және өнеркәсіпте.



## VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық (өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылдың 2-тоқсанында жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,1%-ға өсті, 2017 жылғы маусыммен салыстырғанда (2018 жылдың 1-тоқсанында 1,3%-ға өсті).

Экономиканың салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың саны көтерме және бөлшек саудада 5,6%-ға өсті. Сондай-ақ өнеркәсіптік сектордың тұрақты өсуі аясында өңдеу өнеркәсібінде 6,5%-ға және көлік және қоймалауда 4,6%-ға өсуі байқалды. Жұмыспен қамтудың төмендеуі тау-кен өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында байқалды.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Ақтөбе облысында (2,1%-ға өсті), Алматы (2,7%-ға) және Астана (4,1%-ға) қалаларында байқалды.

2018 жылғы тамыз айында жұмыспен қамтылғандар саны 1,1%-ға артып, 8668,2 мың адамды құрды (экономикалық белсенді халықтың 95%).

2018 жылы тамызда жұмыссыздық деңгейі 4,9% болды (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында 146,6 мың адам жұмыссыздар қатарында ресми тіркелген (жұмыс күшінен 1,6%).




ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

**15-график. Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны бойынша жұмыспен қамтылған халық, %-дық үлесі**



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз болатын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі өсуде. 2018 жылғы екінші тоқсанда аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,8%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 41 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде төмендеу деңгейде – 21,7%-бен сақталуда.

Бір аптада 36 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2018 жылғы екінші тоқсанда біршама төмендеп, үлесі 69,9% болды.





### IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылы қыркүйек айында бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 5,5%-ға ұлғайып, 158,2 мың теңгені құрады.

Халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары 2018 жылдың тамызында 2% -ға өсті.


2018 жылғы 2-тоқсанда нақты жалақы 2,2%-ға өсті (жыл басынан 1,8%-ға өсті).

Салалар бөлігінде 2018 жылғы 2-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (15,7%-ға), құрылыста (8,4%-ға), тау-кен өндірісінде (6,5%-ға), өңдеу өндірісінде (4,6%-ға) тіркелді. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (4,5%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (5,2%-ға), қызметтердің басқа түрлерін ұсынуда (9,2%) төмендеу байқалды.


2018 жылғы 2-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Маңғыстау облысында (304,2 мың теңге), ең төменгі мәні – Жамбыл облысында (120,9 мың теңге) тіркелді.

2018 жылғы 2-тоқсанда экономикадағы еңбек өнімділігі 3,6%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім құрылыста (9,3%-ға), өнеркәсіпте (4,3%-ға өсті), көлікте (3,1%-ға) және қаржы және сақтандыру саласында (10,6%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан астанының атап өткен жөн (саудадан және ауыл шаруашылығынан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша